

А.Б. Айбергенова<sup>1</sup>, А.І. Айберген<sup>2\*</sup>, Б.М. Сұлтанова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;  
<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(\*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: ai-iliyas@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID 0009-0001-0928-9870

<sup>2</sup>ORCID 0000-0002-8160-6180

<sup>3</sup>ORCID 0000-0001-8627-9767

## Мұхтар Мағауиннің «Елес» әңгімесі арқылы магиялық реализмді сын тұрғысынан ойлау технологиясымен оқыту

Мақалада көркем әдебиеттегі магиялық реализмді сын тұрғысынан ойлау технологиясымен оқыту қарастырылған. Оқыту нысаны ретінде Мұхтар Мағауиннің «Елес» әңгімесі негізге алынды. Білім алушыны сын тұрғысынан ойлауға баулу — шығарманың мәнін ашу, мазмұнын түсіну үшін қажетті білім мен дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Көркем шығарманы сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі мен артықшылығын анықтау және негіздеуге мақаланы жазу барысында баса назар аударылды. Магиялық реализмді оқырманның қабылдауы мен қорытуы арасындағы байланыс оқытушының көңіл бөлуі керек ерекше жағдай екенін атап өту керек. Автор баяндауының маңызы шығарманың сенімді шығуынан көрініс табады. Жазушы шеберлігі көркем шығармадағы қиял мен шешімнің өзіндік үйлесім табуынан білінеді. Білім алушыға сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беретін сұрақтар қою арқылы шығарманың мәні мен мазмұнын айқындау, өмірлік және әлеуметтік маңызына мән беру, тәрбиелік қырына назар аудару секілді мәселелерге тоқталу керектігіне көз жеткіздік. Шығармадағы көркемдік шешімнің шынайылығы білім алушылардың қызығушылығын арттырды. Автор мен оқырман арасында шығарма арқылы өзіндік диалог құрылғанын әңгіменің түйінінде нақты аңғаруға болады. Сонымен қатар шығарманың қорытындысын оқырманға қалдыру арқылы ойлануға, кейбір детальдарға мән беруге мүмкіндік жасайды. Магиялық реализмнің бір ерекшелігі — тылсым жағдаяттарды шындық ретінде баяндау. Оқиғаны баяндау барысында автордың өзіне шек қоймайтыны әңгіме мазмұнынан айқын көрінеді. Оқыту барысында бұл мәселе де қамтылды.

*Кілт сөздер:* сын тұрғысынан ойлау, магиялық реализм, мистика, пайымдау дағдылары, М. Мағауин, елес, әңгіме, проза.

### *Kipicne*

Мақала «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту әдістемесін меңгерту мақсатында М. Мағауиннің «Елес» әңгімесін сын тұрғысынан ойлау технологиялары арқылы оқыту әдістерін қолданудың тиімді жақтарын педагогикалық және психологиялық тұрғыдан зерттеу, сараптау, бағалау бағытында жазылды. Білім алушылардың көркем шығарманы оқуы, қабылдауы, талдауы зерттеу негізіне алынды. Практикалық сабақ барысын бақылауға, бағалауға педагог, психолог және пән оқытушылары қатысты. Білім алушы 20 студент оқырман ретінде ойларын ортаға салды. Сабақ соңында кері байланыс арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді жақтары мен көркем әдебиетті оқытудағы орнына қатысты пікірлер талқыланды. Болашақ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдері өздерінің педагогтік қабілеттерін жетілдіруге ынталы екенін сабақ барысында айқын аңғартып отырды.

Көркем шығарма жазу барысында қаламгер кейіпкерінің жан дүниесін, ішкі рухани халін, көңіл-күйін түрлі баяндау тәсілдері мен бейнелеу құралдары арқылы оқырманына жеткізеді. Әдебиетті оқу, білім алушыларға оқыту, оқыған шығармадан өмірге қажетті түйінді ой мен қорытынды пікір алу үшін түрлі талдаулар жасауға тура келеді. Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар мен әр түрлі ғылым салаларының өкілдері пәнаралық зерттеулерінде көркем туындының маңызына, қоғамдық қырына, әлеуметтік мәселелердің көтерілуіне баса назар аударып отырады.

Жазушы Мұхтар Мағауин — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, 1996 жылы «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын алған. Оның шығармашылығында ел өмірі суреттерінің ұлттық сипаты басым болып келеді. Білім алушылар жазушының «Елес» әңгімесіндегі магиялық реализм туралы

және оны сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту жайына кеңірек тоқталды. Оқыту әдістерінің тиімділігін анықтауға мән берді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білім алушылардың оқыған шығармаларының әлеміне бойлап еруге, көркемдік әлемі мен танымдық мәніне терең үңілуге мүмкіндік береді. Көркем шығарманы оқыту үшін жанрына, бағытына, мазмұнына қарай талдап, түрлі сұрақтарға жауап ала отырып жоспар құрған маңызды.

Мақаланы дайындау барысында шығарманы сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту әдісі мен психологиялық талдау арқылы нәтижелерге жетуді мақсат еттік. М. Мағауиннің «Елес» әңгімесіндегі магиялық реализмді оқыту осы мақсаттың толыққанды орындалуына негіз болды.

#### *Әдістер мен материалдар*

Көркем әдебиетті оқытқанда әсіресе оқыту әдістері мен талдауларға кеңірек орын беріледі. Шығармадағы уақыт пен кеңістікке де көңіл бөлу оқиғаларды шынайы бағалауға жол ашады. Көркем әдебиеттегі магиялық реализмнің көрініс табуы оқырманға ой саларлық, танымдық деңгейін көтерерлік маңызға ие. Магиялық реализм туралы ғалым Ю.Б. Боров өзінің «Эстетика» еңбегінде: «адам өзінде қазіргі заман мен тарихты, табиғаттан тыс пен табиғилықты, паранормалды мен кәдімгіні ұштастырған шындықта өмір сүреді» [1, 343], – деп анықтап өтеді. Рецептивті эстетика тұрғысынан алғанда магиялық реализм реципиентті түрлі ойларға жетелеуі мен көкейіне қорқыныш ұялатуы мүмкін. Мұндай тылсым оқиғаларды көркемдік шындық ретінде ұсыну арқылы авторлар табиғаттың сырларын ашуға, адамның жан дүниесін терең зерттей отырып, белгілі мәселелерге реципиент назарын аудартуға мүмкіндік алады.

Қазіргі кезде көркем туындыны оқу, оқыту мен өзара қарым-қатынаста қолдану үлкен маңызға ие. Себебі қазіргі ақпаратқа бай, мәліметтер қорының көп кезеңінде түрлі әлеуметтік желілер арқылы байланыс орнатқаннан кейін виртуалды кеңістікке бой үйреткен адамдар арасында қарым-қатынаста сын тұрғысынан ойлаудың кейінгі орынға көшіп қалатыны туралы зерттеу жұмысының нәтижесі ойлантарлық. Зерттеудің қорытындысына қарай экспериментке қатысқан тұлғалар өздерінің сын тұрғысынан ойлау технологияларын дамытулары туралы өз ұсыныстарын айтып, жаңаша көзқарас қалыптастырғаны мән беруге тұрарлық [2]. Осы секілді зерттеу нәтижелері көркем әдебиеттің өзіндік ой қалыптастыруда маңызға ие екенін еске салып тұрады.

Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау технологиясы білім беру жүйесінің ХХІ ғасырдағы аса маңызды және қалаулы нәтижесі екенін атай отырып [3], мұғалімдер арасындағы түрлі көзқарастарды зерттеген ғалымдардың пайымдаулары да болашақ педагогтарды ойлантуы анық. Мұғалімдердің сыныптағы оқушылардың когнитивті дағдыларын қалыптастыруда сыни ойлаудың маңыздылығына тоқталған зерттеулер мен эксперименттер негізінде жасалған сабақ жоспары білім алушылардың белсенділігін арттыруға, мүмкіндігінше жаңа нәрселерді үйренуге ынталандырады.

Д.Х. Шунк «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» кітабында сыни ойлаудың теориясына біршама тоқталады: «Сыни ойлау дегеніміз — не істеу керек және неге сену керек дегенді білдіретін рефлексивті танымдық әрекет. Сыни ойлау не жайында ойлауды емес, қалай ойлауды қамтиды. Мәселенің шешімін табуды көздейтін проблеманы шешу тәсілінен айырмашылығы — сыни ойлау мәселенің табиғатын түсінуге көңіл бөледі» [4, 308]. Ғалым еңбегіндегі бұл тұжырымдар өзіне дейінгі педагогтардың тәжірибелері мен зерттеулеріне негізделгенін көруге болады. Д.Х. Шунктің еңбегіндегі осы жолдардан әдеби шығарманы талдау, түсіндіру барысында білім алушыларға түсініктірек болуы үшін де сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың артықшылығы бар екенін көруге болады.

«Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталғанын» [5, 45] есепке алсақ, көркем туындының табиғатын ашуда бұл технологияның жетістіктерін қолдану білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, ілгері дамуына зор үлес қоспақ. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы дайындаған «Мұғалімге арналған нұсқаулыққа» зер сала қарағанда: «Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді» [5, 45].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын әр түрлі аударып ұсынғанымен бәрінің мәні мен маңызы бір. Технология бір болғаннан кейін «сыни ойлау», «сын тұрғысынан ойлау» деп түрлі аударылуы ақпарат алынған дереккөзде қалай берілді, мақалада солай қолдануды жөн көрдік. Ал өз тарапымыздан «сын тұрғысынан ойлау» деп қолдандық.

Әдебиет пәнінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы білім алушылардың танымдық деңгейін көтеруге болады. Әдіскер ғалым Б. Жұмақаева «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында сын тұрғысынан ойлауды дамыту жоба үлгісінің алғашқы үш құрылымын үйретудің 3 фазасы анықталғанын жазады:

«Үлгінің 3 фазасы жоба қызметіне байланысты аталды. Олар:

- Қызығушылықты ояту;

- Мағынаны тану;

- Ой толғаныс немесе қызығушылық — мағына — ой» [6, 134].

Көркем әдебиеттің негізгі қызметтерінің бірі адамның ойлау жүйесін дамыту екенін есте ұстау маңызды. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан ойлаудың түрлері, жіктеулері көп. Соның ішінде үш ойлау түріне тоқталып өткеніміз дұрыс:

1) Сыни ойлау;

2) Мәселені шешуде қолданатын ойлау;

3) Шығармашылық ойлау.

Енді осы үш түрлі ойлаудың ерекшеліктеріне тоқталып өтсек:

«Сыни ойлауға тән ерекшеліктер: критерийлер бойынша бағалау, рефлексия түріндегі күмәндану, дербес пайымдау, қорытындылау, логикалық талдау, жүйелі ойлау.

Мәселені шешуде қолданатын ойлаудың ерекшеліктеріне: аналитикалық ойлау, эмпирикалық ойлау, жүйелі ойлау, эвристиканы қолдану, алгоритмдерді қолдану, конвергенттік ойлау, сызықтық ойлау.

Шығармашылық ойлауға тән ерекшеліктер: интуитивтік ойлау, жорамалдылық, күмәндану, әр түрлі тәжірибелерді жинақтау, біріктіру» [7, 26].

Ойлаудың осы үш түрін салыстыра келе көркем әдебиетті талдау, оқыту арқылы білім алушылардың танымдық, пайымдық деңгейлерін анықтауға, дағдыларын қалыптастырып, қабілеттерін жетілдіруге мол мүмкіндік барын ескеруіміз керек. Сабақ барысында көбінде сын тұрғысынан ойлау технологиясымен оқытуды негізге алған тиімді.

Әңгімені оқу және оқыту барысында білім алушының бойында мәселені анықтау, мәселенің негізін табу, индуктивті және дедуктивті түрде пайымдау, мәселе шешімін бағалау секілді пайымдау дағдылары, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері қалыптасады.

Алған білімді бекітудің бір жолы ойлану болса, ойлау жүйесін бекітуде таным деңгейлерінің алатын орны ерекше. Таным деңгейлерін Блум таксономиясы негізінде атап өтсек:

1) Білім;

2) Түсіну;

3) Қолдану;

4) Талдау;

5) Синтез;

6) Бағалау [7, 86].

Блум таксономиясы бүгінде негізгі таным деңгейлерін жүйелегенімен құнды.

#### *Нәтижелер және оларды талдау*

Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Елес» әңгімесі өз кезеңінде елге танылған ғалым не қаламгердің басынан өткен оқиға ретінде баяндалады. Мадияр ауылдас қарындасының бақиға аттанған хабарын естіп, ол туралы аз-кем ойланған соң, үлкен қалада жақын туысының жоқ екенін сезе отырып, үйіне барады. Сол жердегі әңгіме ауаны мен ертесі күнгі қабір басында марқұмның ағасы мен нағашысының ортасында тұрған елесті көруімен, заматта жоғалған елес туралы пайымдауларымен әңгіме аяқталады [8].

Автордың магиялық реализм арқылы тек өзіне ғана көрінген елестің алдыңғы күнгі Бағиланың көршісі Бағираның әңгімесіндегі марқұмның қызы Балжан екенін болжайды. Осы жерде оқырман санасында бала күнінде шетінеген қызы Балжанды тұрмыс тауқыметін тартқан Бағиланың көршілеріне тірі жандай айтып отыруы, тіпті өлер сәтінде мекенжайын қағазға жазып ұстатуы үлкен сұрақ тудырады. Бұлай болуы мүмкін бе? Бағила өмірден көрген қиындығынан, ауыр тағдырдан психологиялық

тұрғыдан ауытқуға ұшыраған ба екен? Автор бас кейіпкер тарапынан бірінші жақтан баяндағанның өзінде ондай белгілерге ишарат қалдырмайды. Бағиланың ағасы ұстатқан телеграмманы өзіне қайтаруға асыққанда сасқалақтағаны, тіпті елесті көре тұра болжам жасағаны оқырманын түрлі ойларға жетелейді. Сосын ғана «мен Балжанды білуші едім» дегенде бүкіл әңгіменің желісі бір арнада тоғысады.

Үш фаза бойынша «Елес» әңгімесінің мазмұнын қарастырып көрсек.

Бірінші білім алушыларға сұрақтар қою арқылы қызығушылығын оятып алу маңызды. Мысалы: «Елес жайлы не білеміз?», «Өмірдегі мистикалық құбылыстардың орын алуына не себеп болуы мүмкін?», «Автор не себепті әңгімесін «Елес» деп атады?», т.б. осы секілді сұрақтарды қою арқылы білім алушылардың танымын біліп, пайымдау деңгейін анықтауға болады. Сонымен қатар, білім алушының өзі білетін, санасындағы көмескі ұғымдардың сұрақ-жауап түрінде жаңғырып ортаға шығуы үлкен қызығушылық тудырады.

Екінші фазада мағынаны тану кезінде білім алушыларды шығарма мазмұнымен жетелей отырып, өмірлік, әлеуметтік жағдайларға талдау жасап, негізгі мәтіннің айтпақ ойын толыққанды ұғыну қажет. Бұл тұста оқытушы білім алушылардың жауаптарына мән беріп, түрлі қырынан танылатын ұғымдарды мәнмәтінде қай қырынан көрініс тапқанына назар аудартқаны жөн. Мысалы, Бағираның марқұм көршісі Бағиланың қиын тұрмысы мен ауыр тағдыры жайлы әңгімесінен мағына мен оқиғаның шиеленісуі жайлы білім алушылардың жан-жақты талдауымен қатар, тұрмыс тауқыметі адамды қандай ахуалға ұшырату мүмкіндігіне назар аудартуы керек. Бұл жерде негізгі күш білім алушылардың өзіне түсетінін, шығарма мазмұны бойынша ойларын еркін жеткізуі мен түрлі болжамдар жасауларына мүмкіндік жасау керек.

Үшінші фазада «ой толғаныс немесе қызығушылық — мағына — ой» шығарманың шешімімен астасып кетуі керек. Әңгіме соңындағы Мадиярға көрінген елестің оқырманын ойын тітірентіп, санасын сілкіп алатын қуаты бар. Бұған дейін шығарма атауы арқылы бір кезде шығуы мүмкін елесті күтіп отырғанда қабір басында көрінуі күтпеген шешім екені айқын. Ал оның Бағила болуы да, Балжан болуы да екенін автор атап өтпесе, айқын білінбейтінін есте ұстаған абзал. Бәлкім, Бағиланың жас күні болар. Әңгімеден Мадиярдың Бағиланы ұзақ уақыт көрмегені, тіпті сол жас күнінде ғана көруі мүмкін екендігін оқырман бірден аңдауы мүмкін. Осы секілді бірнеше болжамды білім алушыларға тест тапсырмасы түрінде ұсына отырып, қорытынды ойды оқырманға қалдырған авторлық шешімнің қаншалықты дұрыс екендігіне ой жүгірту керек.

Сабақ барысында білім алушылар тарапынан оқушылардың дарындылығы, олардың көркем әңгімені талдауы бойынша сұрақтар туындайды. Сұрақ бойынша бірнеше тұщымды жауаптар алынды. Сонымен қатар А.И. Ахметова, А.І. Айберген, Г.Қ. Қасымова, Ш.Қ. Әбеуова, Л.К. Көмекбаевалардың зерттеу нәтижелерінде келтірілген «Психологтар жоғары дарындылық тек интеллектуалдық қабілеттермен ғана емес, сонымен қатар эмоциялық қабылдаудың жоғары деңгейімен және мақсаттарға жетуге ұмтылумен байланысты деп санай отырып, эмоциялық интеллект пен мотивацияға баса назар аударады. Сондай-ақ психологтар дарындылық тек дарындылық сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру мен оқыту процесінде дамытылып, түзетілуі мүмкін әлеует екенін атап өтеді. Бұған мотивациялау рөлі, басқаларға қолдау көрсету және білім беру шарттары жатады», – [9, 8] деген тұжырымдары білім алушылар тарапынан талқыланып, көркем әдебиеттің оқушы дарынын ашуға, коммуникативті дағдысын қалыптастыруға қосар үлесіне назар аударылды.

Мысалы, көркем әңгімені оқу арқылы оқырманда қоғамда болып жатқан оқиғалардың адам өміріне әсерін бағалау, одан сабақ алу процесі жүреді. «Елес» әңгімесін оқып, кейіпкердің тағдырымен танысу арқылы да оқырманда белгілі бір ой-пікір қалыптасуы заңды. Сол қалыптасқан ой-пікірдің дұрыс болуы сын тұрғысынан ойлаумен жүзеге асады. Егер топтық талдау болса бірнеше ой-пікірдің сұрыптаудан өтіп, шындыққа жақыны, өмірлік маңызға ие болғаны өміршең деп танылады. Бұл реципиенттердің өзара пікір алмасуы арқылы коммуникативті құзыреттерінің қалыптасып, жүзеге асатынын көрсетеді.

Дарынды жасөспірімдердің қабілеттерін шыңдау, қиялын дамытудағы көркем әдебиеттің рөлі күшті. Бұған магиялық реализммен жазылған шығармаларды оқыту арқылы көз жеткізуге болады.

Білім алушылар көркем туындыдағы тақырып пен идеяның, мазмұн мен пішіннің өзіндік үйлесімін өзара сұрақтар қою арқылы талдаудың нәтижесінде түрлі пікірлер мен пайымдар жасауы заңды. Сол сұрақ-жауаптың өзіндік шешімі білім алушылардың ортақ ойға келуімен айқындала түсетінін де назарда ұстаған дұрыс.

Сын тұрғысынан ойлаудың өзіндік қалыптастыратын дағдылары бар. Солардың бірі пайымдау дағдылары. Бұл туралы Д.Х. Шунктің «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» кітабында біршама түсінік беріледі. Сын тұрғысынан ойлаудың қалыптастыратын пайымдау дағдылары мен анықтамасын сұрақ қою арқылы кестеге салып көрдік (1-кесте).

1 - кесте

**Пайымдау дағдылары**

Дағды	Анықтама	Сұрақ
Анықтау	Сұрақты анықтап құрастыру. Негізі мәселені анықтауды басты назарда ұстау.	Әңгіме неге «Елес» деп аталған?
Негіз	Қорытынды нәтижелерге жеткізетін негіздерді анықтау.	Бағиланың жалғыздықта өмір сүруі мен қызы туралы көршісіне баяндаудың арасында белгілі бір байланыс бар ма?
Инференция	Жалқыдан жалпыға қарай индуктивті түрде немесе жалпыдан жалқыға қарай дедуктивті түрде пайымдау.	Балжанның елесі тек қана Мадиярға көрінуінің себебі неде?
Бағалау	Мәселені шешу жолдарының дұрыстығына көз жеткізу үшін критерийлерге сүйену.	Балжанның бала күнінде шетінеуінің Багила тағдырына әсері қалай болды?

Кестеде көрсеткеніміздей білім алушыларға сұрақтар қою арқылы әңгіме желісімен таныс болуға, сондай-ақ, оқырман ретінде түрлі жауаптар алуға болады. Келесі кестеде білім алушылардан алынған мүмкін болған жауап нұсқаларын мысалға келтірдік (2-кесте). Ал жауап саны оқырманның санына қарай әр қилы болуы мүмкін. Эксперимент жағдайында 20 білім алушының жауаптарын саралай келе, ортақ мазмұнына қарай үш нұсқасын кесте арқылы ұсынып отырмыз. Кесте сын тұрғысынан ойлау технологиясының қалыптастыратын пайымдау дағдылары негізінде жасалды.

2 - кесте


**Білім алушылар берген жауаптар**

Сұрақ	Әңгіме неге «Елес» деп аталған?
<b>I жауап</b>	Елес бәрімізге белгілі көзге елестеу, немесе елестету арқылы туған бейне. Әңгімеде басты тақырып бір кезеңнің әлеуметтік сипатын баяндап бергенмен «елес» сөзінің символдық мәні де көрініс табады.
<b>II жауап</b>	Әңгімеде бас кейіпкер Мадиярдың қабір басында көрген елесі бүкіл шығарманың құрылымын ұстап тұр. Сондықтан әңгіме «Елес» деп аталуы мүмкін.
<b>III жауап</b>	Автор әңгімесіне «Елес» деп ат қойғанымен шығарманың өн бойында елесті бір сәтке ғана, онда да бас кейіпкерге көрсетіп қана магиялық реализм тудыра алған. Әңгіменің «Елес» аталуы марқұм болған кейіпкердің тағдыр тауқыметін толық ашып тұр деп айтуға болады.
<b>Сұрақ</b>	<b><i>Бағиланың жалғыздықта өмір сүруі мен қызы туралы көршісіне баяндаудың арасында белгілі бір байланыс бар ма?</i></b>
<b>I жауап</b>	Мадиярға көршісі Бағиланың ауыр тағдыры мен қиын тұрмысы жайлы баяндаған Бағира әңгімедегі уақыт тұрғысынан заманның қиын-қыстау кезеңін, елдің әлеуметтік жағдайынан да хабар беріп өтеді. Оны кейінгі марқұмның ағасы мен нағашысының әңгімелерінен де байқауға болады. Ал тұрмыста жолы болмаған Бағила қызын жоқтай жүріп, өзіне жаңа алданыш тапқанын байқаймыз. Ол да болса өз өтірігіне сену. Сеніп қана қоймай, көршісіне ұзақ жылдар бойы өсіп жетілгендей айтып, хабар беріп отырғанын көреміз. Осының барлығы Мадиярдың барлық шындықты білетін жалғыз кейіпкер ретінде қабір басында елес көруін негіздейді.
<b>II жауап</b>	«Жалғыздық құдайға ғана жарасқан» дегендей адам тағдыры өзара қарым-қатынас негізінде түзіліп өз арнасын табатыны өмірлік шындық. Мұны қоғамдағы түрлі жағдайлардан, түрлі адамдардың тағдырынан көруге болады. Сондықтан Бағила тағдырында орын алған жайт туралы жазғанда жазушы осы жайларды ескергені байқалады.
<b>III жауап</b>	Бір қарағанда екі түрлі жағдай, екі түрлі оқиға секілді көрінгенмен әңгіменің түйінінде бұл байланысты байқамау мүмкін емес. Жазушы шеберлігі Бағиланың тұрмыстық жағдайы мен психологиялық ахуалын магиялық реализммен шынайы суреттей алғаны анық.

Сұрақ	<i>Балжанның елесі тек қана Мадиярға көрінуінің себебі неде?</i>
<b>I жауап</b>	Балжанның елесі тек Мадиярға көріну себебі Бағиланың үлкен қалаға келген жылдары мен алғашқы трагедиясынан хабардар бірден-бір ауылдасы болуы. Тіпті Бағиланың ауылдан келген ағасы мен нағашысының да ауылдағы тұрмыстың қиын жағдайын айтуы арқылы қарындастарының кейінгі жайынан тіпті хабары болмауы мүмкін. Яғни, Балжанның бала күнінде шетінегенінен хабардар Мадиярдың ғана елес көруі оқырманды сендіре алады.
<b>II жауап</b>	Адамның табиғатында өзінің хабары бар, білетін нәрсесінің елестеуі, бір заттарды соған ұқсатып көргендей болуы мүмкін. Сондықтан әңгімеде айтылғандай Балжанның бала күнінде шетінегенінен хабардар Мадияр ғана екені белгілі.
<b>III жауап</b>	Мадияр ғана елесті көргенін баяндайды. Автор басқа кейіпкерлеріне сөз бермейді. Себебі олардың Балжан туралы хабары аз. Ал Мадияр көрген елесінің жасына, бойы мен киіміне қарай отырып таңырқайды. «Елестің өсуі мүмкін бе?» деген сұрақ қояды автор. Соны ақтағандай Бағиланың қиялының әсері ме деп те тұжырым жасағанын оқырман сезеді.
Сұрақ	<i>Балжанның бала күнінде шетінеуінің Багила тағдырына әсері қалай болды?</i>
<b>I жауап</b>	Бағиланың тағдыры трагедияға ұшыраған сәт қызынан айырылуы болғанын көреміз. Кейінде өмірден түңілген, бәлкім, жұбаныш таппаған Багила қызын өлімге қимай, қиялында тірілтіп алған. Ал оқырманның бүкіл әңгіме бойында Бағиланың қызы жайлы айтқандарының бәрі елес жайында екенін соңында білуі шығарманың құндылығын арттырғанын байқаймыз.
<b>II жауап</b>	Адам баласының психологиялық, эмоционалды жағдайының тағдырына әсері психологиялық тұрғыдан талдауды қажет етеді. Багила өміріндегі трагедияға көңісі келмеген, ішкі күйзелісте жүрген кейіпкер ретінде баяндалады. Сондықтан қызының қазасы қатты соққы болғанын, өмірін қиын арнаға бұрғанын білеміз.
<b>III жауап</b>	Қызынан айрылу Багилаға ауыр тигенін әңгімеден айқын аңғарамыз. Өмірінің соңына дейін бар қайғысын ішіне жұтып, сыртқа білдіртпеуге тырысқан қайсар кейіпкер ретінде бағалауға болады. Кейінгі тұрмысынан Мадияр мүлде бейхабар болуының бір себебі де марқұмның өз қайғысын біреумен бөлісуге ниетті болмағанынан аңдауға болады.

Білім алушылардың сұрақтарға жауап берудегі белсенділігін диаграмма түрінде беріп, олардың қай сұрақта белсенді болғанын диаграмма (1-диаграмма) арқылы көрсетейік. Диаграммада үш жауап нұсқасына жинақтаған білім алушылармен қоса жауап беруге қиналған немесе қалыс қалуды дұрыс көрген білім алушыларды қостық. Байқағанымыздай 2- және 4-сұрақтарда білім алушылар түгел жауап берген, ой айтуға, пікір қосуға талаптанған. Ал 1- және 3-сұрақтарда белсенділіктің төмендеуі болғанын көреміз. Бұл білім алушылардың анықтау мен инференцияға қарағанда негіз бен бағалау дағдыларын жетік меңгергенін көрсетеді.

1 - диаграмма



Әңгімеде бас кейіпкер Мадияр бақылаушы ретінде ғана көрініс табады. Сонымен қатар барлық оқиға соның қатысуымен және шешімі де өзінің қолында тұрғанын көреміз. Алайда оқырман сана-сында туған күмәнді ойларға автор өзі де тап болады. Солайша оны Мадиярдың көкейіне салады. Оқырман өз күмәнін бас кейіпкердің ойы ретінде оқи отырып, өзіне жауап қалыптастырады. Ол жауап әр оқырманда әр қалай болуы заңды. Білім алушылар мүмкін болған жауаптарды талдай отырып, әрқайсысы өзінің нұсқасын жаңарта алады. Соның нәтижесінде білім алушының оң әсеріне қол жеткізеді. Білім алушылар практикалық сабақ барысында қойылған сұрақтар мен тапсырмаларды ойдағыдай орындап шықты. «Елес» әңгімесінің мазмұны мен мәнін аша отырып, магиялық реализмнің көркем әдебиеттегі көрінісіне назар аударды. Сын тұрғысынан ойлау технологияларымен танысты. Олардың оқытудағы тиімді әдістерін меңгерді.

Білім алушылар әңгімеде көрініс тапқан құбылыстардың сыры мен танымдық қуатына баса назар аударған дұрыс. «Елес» әңгімесінде жалғызбасты әйел мен оның әлеуметтік жағдайын, тағдыр тауқыметі мен басындағы қиын хәлін өзі жеңуге талпынғанын көруге болады. Алайда өзі сеніп тұрмысқа шыққан жандардан қайран болмаған әйел ендігі өмірін жалғыздықта өткізуге бел буғанда жанына демеу болатын өзінің қиялында бала күнінде шетінеген қызын тірілтіп алады. Соның алданышымен біраз уақыт өмір сүреді. Оған көршілерін де сендіреді.

Әңгіменің сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша оқыту барысында білім алушылармен кері байланыс арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- магиялық реализмнің прозадағы қызметі мистикалық, магиялық, қарапайым тұрмыста орын алуы екіталай құбылысты шынайы болып жатқан дүниедей эмоциясыз баяндаудан тұрады;
- автордың Балжан туралы шындықты біле тұра өзгелерге айтпауы елесті көруіне негіз болады;
- елестің Бағиланың көршісіне қызын тірі жандай айтып жүргеніне, оған сенген көршісінің айтқан әңгімесіне қарай Мадиярға солай көрінуі оқырманын сендіреді;
- өмірде елестің өсуі мүмкін болмағандай, шығармадағы өсуі түрлі сұрақтар туындатады;
- шағын әңгімедегі детальдар арқылы көптеген сұрақтар қоюға және сан қырын ашуға болады.

«Елес» әңгімесіндегі магиялық реализм елестің соңындағы Мадиярға қас-қағым сәтте көрінгенімен шектелмейді. Сонымен қатар Бағиланың әңгімесіндегі Бағиланың Балжан қызы туралы айтқандарының бәрі тылсым жағдайдың шынайы бейнесінің бүркемеленіп, табиғи жайттай баяндалуынан да көрініс табады. Ол Бағиланың өміріндегі қиындықтар түрлі жайттардан хабар беріп тұрғандай көрінеді. Бірақ автор шешіміне сын тұрғысынан қарау керек. Себебі әңгіме «Елес» деп аталғанымен елестің қайдан шығатынын немесе кімнің елесі екенін болжағанша оқырманын түрлі ойларға жетелейді.

Практикалық сабақ барысында педагог, психолог және қатысқан оқытушылар білім алушылардың белсенділігі мен ынтасын, үйренуге деген құштарлығын жоғары бағалады. Әдістің тиімділігін сабаққа қатысқан білім алушылардың толық ақпарат алып үлгергенімен және материалдарды игере отырып өзіндік ой-пікірлерінің қалыптасқанымен сипаттауға болады.

Сабақ соңында білім алушылармен кері байланыс орнатылып, педагог, психолог оқытушылар өз пікірлерін білдірді. Педагог сабақ барысында кәсіби құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік пен рефлексиялық құзыреттіліктердің ескерілгендігін бағалады. Психолог тарапынан білім алушылардың бірнеше мәселені әңгіме мазмұнынан шығарып, өзіндік ойларын ортаға еркін салуға жасалған мүмкіндікті ерекше атап өтті.

### *Қорытынды*

Қорытындылай келе, көркем әдебиетті оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Көркем шығармадағы баяндалған оқиғаның астарына үніліп, әр детальдың орнына қолданылғанын анықтау мен оның мәнін түсінуде оқырманның қырағы сын көзімен қарағаны дұрыс. Қазіргі адам адамнан алшақтап виртуалды әлемге еніп, күнделікті табиғи жағдайынан сол әлемін артық көріп кететін тұста сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы көркем әдебиетті оқыту өзара қарым-қатынасты, коммуникацияны жақсартатынын, білім алушылардың бойында пайымдау дағдыларын қалыптастыратынын айқын аңғарамыз. «Елес» әңгімесінің тақырыбы да қоғамнан алшақтап кеткен кейіпкердің трагедиясы арқылы оқырманына ой салу болса керек.

Педагогтың міндетіне оқушының білімін жетілдірумен қоса тәрбиесінің де кемелденуіне үлес қосу кіретінін мейлінше естен шығармаған абзал. Бұл тұрғыда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің рухани, мәдени, танымдық және тәрбиелік маңызға ие екені анық. Пәннің сипаты мен мазмұнына қарай

көркем шығармалар мен дидактикалық материалдар оқушыларда жақсы қасиеттердің қалыптасуына құзыретті болып келеді. Оқушының психикалық жетілуіне де, психологиясына да әдеби шығарманың әсері айқын. Осы жағынан алғанда «Елес» әңгімесін жоғары сынып оқушыларының оқуына кеңес беріледі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясымен оқытқанда жас ерекшеліктерін басты назарда ұстаған дұрыс.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Боров Ю.Б. Эстетика / Ю.Б. Боров. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. — 408 б.
- 2 Brian R. Critical Thinking in the Texting Age [Electronic resource] / R. Brian, J.A. Knox, A. Gozali, B. Cowan, P. O'Sullivan, Sh. Syed // Journal of Surgical Education. — 2024. — Vol. 81. — Issue 12. — Access mode: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1931720424004574>
- 3 Leibovitch Y.M. Teachers' (evolving) beliefs about critical thinking education during professional learning: A multi-case study [Electronic resource] / Y.M. Leibovitch, A. Beencke, P.J. Ellerton, C. McBrien, C. Robinson-Taylor, D.J. Brown // Thinking Skills and Creativity, 2025. — Vol. 56. — Access mode: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1871187124002669>
- 4 Шунк Д.Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі / Д.Х. Шунк. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 608 б.
- 5 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. — 202 б. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://testcenter.kz/upload/books/kaz/Тиімді%20оқыту%20мен%20оқу.pdf>
- 6 Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі / Б.Д. Жұмақаева. — Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. — 242 б.
- 7 Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану / А.Қ. Әлімов. — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. — 188 б.
- 8 Мағауин М. [Электрондық ресурс] / М. Мағауин. — Елес. Әңгіме. — Қолжетімділігі: <https://magauin.com/angimeler/eles>
- 9 Ахметова А.И. Дарынды жасөспірімнің тұлғалық тұтастығын дамытуға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету / А.И. Ахметова, А.І. Айберген, Г.Қ. Қасымова, Ш.Қ. Әбеуова, Л.К. Көмекбаева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. — 2024. — Т. 29. — 4 (116)-шығ. — Б. 7–22. DOI <https://doi.org/10.31489/2024ped4/7-22>

А.Б. Айбергенова, А.И. Айберген, Б.М. Султанова

### **Преподавание магического реализма с использованием технологии критического мышления на примере рассказа Мухтара Мағауина «Елес (Призрак)»**

В статье рассматривается преподавание магического реализма в художественной литературе с использованием технологии критического мышления. В качестве объекта исследования выбран рассказ Мухтара Мағауина «Елес (Призрак)». Формирование у обучающихся навыков критического мышления способствует более глубокому пониманию содержания произведения и раскрытию его смысла. При написании статьи особое внимание уделялось выявлению и обоснованию эффективности и преимуществ преподавания художественного произведения с использованием технологии критического мышления. Следует отметить, что взаимосвязь между восприятием и осмыслением магического реализма является особым аспектом, который требует пристального внимания со стороны преподавателя. Значимость авторского повествования проявляется в достоверности художественного произведения. Мастерство писателя выражается в уникальном сочетании вымысла и авторского замысла. Мы пришли к выводу, что постановка вопросов, способствующих развитию критического мышления у обучающихся, позволяет сосредоточиться на таких аспектах, как определение смысла и содержания произведения, подчеркивание его жизненной и социальной значимости, а также акцентирование внимания на его воспитательной роли. Искренность художественного решения в произведении повысила интерес обучающихся. В кульминации рассказа ясно прослеживается, что между автором и читателем выстраивается своеобразный диалог. Оставляя заключение произведения на усмотрение читателя, автор создаёт возможность задуматься и обратить внимание на детали. Одной из особенностей магического реализма является представление мистических ситуаций как реальных. Содержание рассказа показывает, что автор не ограничивает себя в процессе повествования. Данный аспект также был рассмотрен в процессе обучения.

*Ключевые слова:* критическое мышление, магический реализм, мистика, навыки суждения, М. Мағауин, призрак, рассказ, проза.

A.B. Aibergenova, A.I. Aibergen, B.M. Sultanova

## Teaching Magical Realism through Critical Thinking Techniques Using Mukhtar Magauin's Short Story "Елес (Ghost)"

The article explores the teaching of magical realism in literature through critical thinking techniques. Mukhtar Magauin's short story "Елес (Ghost)" is selected as the subject of the study. The development of critical thinking skills in students fosters a deeper understanding of the work's content and reveals its meaning. In writing this article, particular attention was given to identifying and justifying the effectiveness and advantages of teaching a work of literature using critical thinking techniques. It should be noted that the connection between the perception and interpretation of magical realism is a distinct aspect that requires the teacher's (lecturer's) close attention. The significance of the author's narration is reflected in the authenticity of the work. The writer's mastery is expressed through a unique blend of imagination and the author's intent. We have concluded that posing questions that foster the development of critical thinking in students allows us to focus on aspects such as determining the meaning and content of the work, emphasizing its personal and social significance, and highlighting its educational role. The realism of the artistic solution in the work aroused the interest of students. At the climax of the story, it is evident that a unique dialogue is established between the author and the reader. By leaving the work's ending to the reader's interpretation, the author encourages the reader to reflect and pay attention to specific details. It has been established that one of the features of magical realism is the absence of limitations for the author in depicting mystical events as reality. This is clearly evident in scholarly works and the content of the story, and this aspect was also addressed during the teaching process.

*Keywords:* critical thinking, magical realism, mysticism, reasoning skills, M. Magauin, ghost, short story, prose.

### References

- 1 Borev, Ju.B. (2020). *Eстетика* [Aesthetics]. Almaty. «Ultyq audarma biurosy» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 2 Brian, R., Knox, J.A., Gozali, A., Cowan, B., O'Sullivan, P., & Syed, Sh. (2024). Critical Thinking in the Texting Age. *Journal of Surgical Education*, 81(12). Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1931720424004574>
- 3 Leibovitch, Y.M., Beencke, A., Ellerton, P.J., McBrien, C., Robinson, Taylor C., & Brown, D.J. (2025). Teachers' (evolving) beliefs about critical thinking education during professional learning: A multi-case study. *Thinking Skills and Creativity*, 56. Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1871187124002669>
- 4 Schunk, D.H. (2019). *Oqytu teoriasy: Bilim beru kokzhiegi* [Learning Theories: An Educational perspective]. Almaty. «Ultyq audarma biurosy» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 5 (2016). Mugalimge arналған nusqaulыq. «Tiimdi oqytu men oqu» bagdarlamasy [Instructions for the teacher. Program «Effective teaching and learning»]. Astana: «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU, Pedagogikalыq sheberlik ortalygy. *testcenter.kz*. Retrieved from <https://testcenter.kz/upload/books/kaz/Tiimdi%20oqyту%20men%20oqu.pdf> [in Kazakh].
- 6 Zhumaqeva, B.D. (2015). *Qazaq adabietin oqytu adistemesi* [Methodology of teaching Kazakh literature]. Almaty. «Qyzdar universiteti» baspasy [in Kazakh].
- 7 Alimov, A.Q. (2014). *Interbelsendi oqu adistemegin mektepte qoldanu* [Using interactive learning methods at school]. Astana. «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU, Pedagogikalыq sheberlik ortalygy [in Kazakh].
- 8 Magauin, M. (2025). Eles. Angime [Ghost. The story]. *magauin.com*. Retrieved from <https://magauin.com/angimeler/eles> [in Kazakh].
- 9 Akhmetova, A.I., Aibergen, A.I., Kasymova, G.K., Abeuova, Sh.K., & Komekbaeva, L.K. (2024). Daryndy zhasospirimnin tulgalyq tutastygyn damytuga aleumettik-pedagogikalыq qoldau korsetu [Providing socio-pedagogical support for the development of the personality integrity of a talented teenager]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. "Pedagogika" seriasy — "Bulletin of the Karaganda university. Pedagogy series"*, 29, 4(116), 7–22. Retrieved from <https://doi.org/10.31489/2024Ped4/7-22> [in Kazakh].

### Information about the authors

**Aibergenova, A.B.** — Doctoral student of 1st year of Kazakh Language and Literature Studies, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [dana9508@mail.ru](mailto:dana9508@mail.ru)

**Aibergen, A.I. (contact person)** — Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: [ai-ilias@mail.ru](mailto:ai-ilias@mail.ru)

**Sultanova, B.M.** — Candidate of Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [bibigul-sultanova@mail.ru](mailto:bibigul-sultanova@mail.ru)